



«Микроқаржы қызметі туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы
Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес
45 АЕК артық микрокредит беру туралы шарттың (Қосылу шарты)
стандартты талаптары
««Ломбард Minicredit»» ЖШС сайтында жарияланған
<http://minicredit-lombard.kz>

Осы микрокредит берудің стандартты шарттарын (бұдан әрі – Қосылу шарты) «Ломбард Minicredit» ЖШС Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен микрокредит беру туралы шарт жасасу кезінде қолдану үшін әзірледі және Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадағы «Микроқаржы қызметі туралы» Заңына (бұдан әрі мәтін бойынша - Заң) сәйкес 45 АЕК артық Микрокредит беру туралы шарттың стандартты талаптарын айқындайды.

Стандартты талаптар қолданылған шарт «Ломбард Minicredit» ЖШС және микрокредит берудің жеке талаптары бар және Кепіл билетінің ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа қосылу туралы Қарыз алушы қол қойған өтінішті қамтитын кепіл билетін (бұдан әрі – Кепіл билеті) Қарыз алушы (бұдан әрі - Қарыз алушы) арасында қол қою жолымен жасалады

Кепіл билеті мен Қосылу шарты бір-бірінің ажырамас бөлігі болып табылады және бірыңғай құжатты құрайды және одан әрі бірлесіп Микрокредит беру туралы шарт (бұдан әрі – Шарт, микрокредит беру туралы шарт, Кепіл билеті) деп аталады. Кепіл билетінде және Қосылу шартында қолданылатын «Шарт» ұғымы Кепіл билетінің мазмұнына да, Қосылу шартының мазмұнына да тең дәрежеде қатысты.

Микрокредитті Ломбард Қарыз алушыға Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын «Ломбард Minicredit» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің микрокредиттер беру Ережелері негізінде береді (бұдан әрі мәтін бойынша - Микрокредиттер беру ережелері).

1. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

1.1. Қосылу шартына және Кепіл билетіне сәйкес «Ломбард Minicredit» ЖШС (бұдан әрі - Ломбард) Қарыз алушыға (Кепіл берушіге) – жеке тұлғаға Қосылу шартында және Кепіл билетінде белгіленген тәртіппен жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлік кепілсалымымен (бұдан әрі – «кепілге салынатын зат» немесе «кепіл мүлкі») мақсатсыз микрокредит береді,

1.2. Осы Қосылу шартына қосылу мақсатында Ломбард пен Қарыз алушы жасасатын Кепіл билеттері Заңда көзделген микрокредит беру туралы шарттар болып табылады, бір микрокредит бойынша берілетін шекті сома республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен есептік көрсеткіштің **сегіз мың еселенген** мөлшерінен аспайды.

1.3. Микрокредит сомасы және микрокредит берудің өзге де жеке шарттары Кепіл билетімен айқындалады. Бір микрокредит бойынша берілетін шекті сома республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайды. Шарт бойынша микрокредит сомасын ұлғайтуға тыйым салынады.

Шартқа уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысан бойынша оның тараптары қол қойған, оның ажырамас бөлігі болып табылатын микрокредитті өтеу кестесі қоса беріледі.

1.4. Микрокредитті пайдалану мақсаты туралы мәліметтер: мақсатсыз.

1.5. Микрокредит кепіл затын кепілге қабылдағаннан кейін Кепіл билетіне қол қойылған күні Ломбардтың кассасында қолма-қол ақша беру арқылы ғана беріледі.

1.6. Микрокредит берудің шекті мерзімі микрокредит берілген күннен бастап күнтізбелік **12 (он екі) айдан аспайды** және Кепіл билетінде көрсетіледі.

1.7. Микрокредитті өтеу тәсілі: бір рет, Ломбард кассасына қолма-қол ақшамен немесе Ломбардтың келесі деректемелері бойынша қолма-қол емес тәсілмен:

«Ломбард Minicredit» ЖШС

БСН 150140009571

ЖСК (шот) № KZ7796502F0015766490

БСК IRTYKZKA

1.8. Қарыз алушының микрокредит сомасын өтеу (қайтару) әдісі және сыйақы төлеу Қарыз алушының таңдауы бойынша мынадай өтеу әдістерімен жүргізіледі:

- сараланған төлемдер әдісімен, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;

- аннуитеттік төлемдер әдісімен, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқаларынан ерекшеленуі мүмкін;

- қосымша әдіспен (біржолғы төлем) – бұл ретте негізгі борышты және сыйақыны өтеу Кепіл билетінің қолданылу мерзімінің соңында жүргізіледі (егер бұл Микрокредиттер беру ережелерінде көзделген жағдайда).

1.9. Қарыз алушы таңдаған микрокредитті өтеу әдісі Кепіл билетіне Қосымша болып табылатын Микрокредиттерді өтеу кестесінде көрсетіледі.

1.10. Микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігі.

Қарыз алушының Кепіл билеті бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда Қарыз алушымен жасалған Кепіл билеті бойынша Қарыз алушы жүргізген төлем сомасы Қарыз алушының берешегін мынадай кезектілікпен өтейді:

- Ломбардтың Қарыз алушының берешегін соттан тыс және сот тәртібімен өндіріп алу жөніндегі шығыстары;

- тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);

- сыйақы бойынша берешек;

- негізгі борыш бойынша берешек.

1.11. Негізгі борышты уақтылы өтемегені және сыйақыны төлегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есепке жазу тәртібі және оның мөлшері:

- микрокредит сомасын қайтару және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері - мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,5 пайызынан, бірақ микрокредит беру туралы шарт қолданылған әрбір жыл үшін берілген микрокредит сомасының он пайызынан аспауға тиіс.

1.12. Қарыз алушының микрокредитті Ломбардқа қайтаруды орындауын қамтамасыз етуі: республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде бір жылға дейінгі мерзімге жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүліктің кепілсалымы, сондай-ақ жеке пайдалануға арналған көлік құралының кепілі. Кепіл мүлкінің толық сипаттамасы Кепіл билетінде көрсетіледі. Қарыз алушы кепіл мүлкін бағалаудың жалпы сомасымен келіседі, оның оған меншік құқығында тиесілі екенін, үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық түсірілмегенін растайды.

1.13. Қарыз алушы (Кепіл беруші) Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Ломбард қабылдайтын шаралар: Ломбард Шартта

көрсетілген кепілдік берілген күту мерзімі өткеннен кейін кепіл нысанасын (кепілсалымын) соттан тыс өткізуді жүзеге асырады. Қарыз алушы (Кепіл беруші) Шартқа қол қоя отырып, кепіл затын соттан тыс, оның ішінде сауда-саттық өткізбестен және/немесе сауда-саттық өткізіп сатуға, сондай-ақ Қарыз алушы (Кепіл беруші) шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда кепіл затының Ломбардтың меншігіне өтуіне өз келісімін білдіреді. Ломбардтың кепіл затын пайдалану мүмкіндігі Шартта белгіленген негіздер бойынша кепіл затын соттан тыс, оның ішінде сауда-саттық өткізбей өткізуді жүргізумен шектеледі. Кепіл затын өткізу микрокредит сомасын өтеу мерзімі өткеннен кейін 1 (бір) айдан ерте емес сауда-саттық өткізбей жүзеге асырылуы мүмкін.

Мерзімі өткен берешегі бар Қарыз алушымен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) Кепіл билеті шеңберінде Ломбардпен міндеттемелерге байланысты үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл жасау шарттары:

жұмыс күндері сағат 8.00-ден 21.00-ге дейінгі кезеңде, егер өзге уақыт, кезеңділік және күн (демалыс және (немесе) мереке) Қарыз алушымен келісілмеген болса, Қарыз алушының тұрғылықты жері не орналасқан жері не Қарыз алушының тіркелген жері не Ломбард үй-жайында аптасына үш реттен артық емес және жұмыс күні бір реттен артық емес;

жұмыс күндері сағат 9.00-ден 21.00-ге дейінгі кезеңде үш реттен артық емес және демалыс және мереке күндері сағат 9:00-ден 19:00-ге дейінгі кезеңде екі реттен артық емес, Ломбардтың бастамасы бойынша телефон арқылы, оның ішінде интернет желісінде қоңырау шалуға арналған қолданбаларды немесе автоматты дауыстық ақпараттандыру жасауға арналған бағдарламалық жасақтаманы пайдалана отырып, әрбір өзара іс-қимыл кезінде ұйымның атауын, оның орналасқан жерін, өзара іс-қимылды жүзеге асыратын адамның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), лауазымын хабарлай отырып.

- әрбір өзара әрекеттесу кезінде хабарлама:

Ломбардтың атаулары;

Ломбардтың орналасқан жері;

өзара іс-қимылды жүзеге асыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымы;

Кепіл билетінде көзделген берешектің, негізгі борыштың мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдығының, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) құрылымдары;

Қарыз алушының Кепіл билетінде, Заңда көзделген жауапкершілігі және өзге де міндеттемелері, сондай-ақ Кепіл билетінде көзделген міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау салдары туралы.

Көрсетілген шаралар шеңберінде өзара іс-қимыл жасау кезінде мынадай шектеулер сақталады:

осы тармақтың үшінші және төртінші абзацтарында көзделмеген тәсілдермен және кезеңде өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

осы тармақтың үшінші және төртінші абзацтарында көзделген тәсілдермен және кезеңде мерзімі өткен берешекті реттеу және (немесе) өтеу үшін Қарыз алушының тұрған жерін және (немесе) байланыс деректерін белгілеу жағдайларын, сондай-ақ Ломбардтың атауын, оның орналасқан жерін, өзара іс-қимылды жүзеге асыратын адамның тегін, атын, әкесінің атын (ол бар болса), лауазымын хабарлау кезіндегі жағдайларды қоспағанда, Кепіл билеті шеңберінде Ломбардпен міндеттемелермен байланысты емес үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл жасау;

мерзімі өткен берешегі бар Қарыз алушыға және (немесе) оның өкіліне және (немесе) үшінші тұлғаға дұрыс емес тегін және (немесе) атын және (немесе) әкесінің атын (бар болса), сондай-ақ Ломбард қызметкерінің жұмыс орны және (немесе) лауазымы туралы шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді хабарлау;

мерзімі өткен берешегі бар Қарыз алушыны және (немесе) оның өкілін және (немесе) Кепіл билеті шеңберіндегі Ломбардпен міндеттемелерге байланысты үшінші тұлғаны берешектің мөлшеріне, сипатына және туындау негіздеріне қатысты жаңылыстыру;

өзара іс-қимыл жүзеге асырылатын адамның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді таратуға не осы адамның мүдделеріне мүлдіктік зиян келтіруі мүмкін мәліметтерді жария ету.

1.14. Қарыз алушы Кепіл билеті бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Ломбард мынадай шаралар қолдануға құқылы:

1.14.1. Қарыз алушыдан микрокредит сомасын өтеуді және сыйақы мен тұрақсыздық айыбын төлеуді талап ету;

1.14.2. микрокредитті қайтару мерзімі өткеннен кейін, оның ішінде нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде Кепіл мүлкінен өндіріп алу;

1.14.3. кепілдік берілген мерзім өткеннен кейін Кепіл мүлкін (кепілсалымын) соттан тыс, оның ішінде сауда-саттықты жүзеге асырмай сату.

1.14.4. сотқа талап арызбен жүгіну немесе атқарушылық жазба жасауға өтініш беру;

1.14.5. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары сақталған кезде Қарыз алушының келісімінсіз құқықты (талапты) үшінші тұлғаға беруді жүзеге асыру.

1.15. Кепіл билетінің қолданылу мерзімі: оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Қарыз алушы міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

1.16. Ломбард егер жоғалту немесе зақымдану еңсерілмейтін күштің салдарынан болғанын дәлелдей алмаса, кепілге салынған мүлктің жоғалғаны, сақтылығы немесе бүлінгені үшін жауапты болады. Сондай-ақ, егер кепіл мүлкін жоғалту немесе бүлдіру үшінші тұлғалар жасаған ұрлық салдарынан, ереуілдер, жаппай тәртіпсіздік, халықтық және әскери толқулар және т.б. салдарынан болса, Ломбард жауапкершіліктен босатылады, бірақ бұл ретте Ломбард кепілге салынған мүлктің сақтылығын қамтамасыз ету үшін өзіне байланысты барлық шараларды қолдануға міндетті.

1.17. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін кінәлі Тарап осы бұзушылыққа байланысты туындаған барлық залалдарды өтейді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес жауапты болады.

1.18. Қарыз алушы Кепіл билеті бойынша міндеттемелердің орындалуына жауапты болады.

1.19. Ломбардтың пошталық және электрондық мекенжайы туралы ақпарат, сондай-ақ оның ресми интернет-ресурсы туралы деректер:

- мекенжайы: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Аксай-2 шағын ауданы , 10-үй.
телефоны: + 7 707 570 73 06

- электрондық мекенжайы: micredithelp@gmail.com

- Интернет-ресурс: micredit-lombard.kz

Микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) үшінші тұлғаға берген кезде микрокредит беру туралы шарт шеңберінде кредитордың қарыз алушымен өзара қарым-қатынастарына Қазақстан Республикасының заңнамасында қойылатын талаптар мен шектеулер микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген үшінші тұлғамен қарыз алушының құқықтық қатынастарына, ал құқықтар берілген жағдайда микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген үшінші тұлғамен өзінің Қазақстан Республикасының заңнамасында микрокредит беру туралы шарт шеңберінде кредитордың қарыз алушымен өзара қарым-қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулер қарыз алушының сервистік компаниямен құқықтық қатынастарына қолданылады.

1.20. Кепіл билеті Микрокредит беру туралы шарт және Кепіл шарты болып табылады.

1.21. Кепіл мүлкі Ломбардтың иелігінде және сақталуында қалады (жылжымалы

мүлік кепілсалымы).

1.22. Кепілдік берілген мерзім – күнтізбелік 30 (отыз) күнді құрайтын уақыт кезеңі, осы мерзім ішінде Ломбард кепіл мүлкін өткізу құқығын қолданбай, микрокредит сомасын өтеу мерзімі өткеннен кейін ломбардта кепіл мүлкін сақтауды жүзеге асыруға міндеттенеді.

1.23. Егер микрокредит сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі есептік көрсеткіштің **мың еселенген** мөлшеріне тең немесе одан асатын болса, мұндай микрокредитті Қарыз алушының жолдасының (жұбайының) келісімі болған кезде Ломбард береді.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Қарыз алушының құқықтары:

2.1.1. микрокредиттер беру ережелерімен, микрокредиттер беру бойынша Ломбард тарифтерімен танысу;

2.1.2. алынған микрокредитті Кепіл билетінде және осы Шартта белгіленген тәртіппен және талаптарда иелік ету;

2.1.3. өз құқықтарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қорғау;

2.1.4. егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны одан кейінгі жұмыс күні төлеуді жүргізу;

2.1.5. Ломбардқа тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтару;

2.1.6. көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Ломбардқа жазбаша түрде жүгіну;

2.1.7. Кредитор Қарыз алушы - жеке тұлғаға Шарттың 4.1-тармағында көзделген хабарлама жіберген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қарыз алушы Кредиторға жазбаша нысанда Ломбардтың micredithelp@gmail.com электрондық поштасына жүгінуге, Кредиторға Шартта көрсетілген заңды мекенжай бойынша келуге, не микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен мыналарға қатысты ұсыныспен жүгінуге құқылы :

- микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына өзгертуге;

- микрокредит беру туралы шарт бойынша ай сайынғы төлемді кемінде үш ай мерзімге микрокредит беру туралы шартта белгіленген мөлшерден кемінде елу пайызға азайтуға;

- негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруға;

- берешекті өтеу әдісін және (немесе) берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге;

- микрокредит мерзімін өзгертуге;

- мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіруге, микрокредитке қызмет көрсетуге байланысты тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдардың) күшін жоюға;

Кепіл берушінің ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті тараптардың келісімінде белгіленген мерзімдерде дербес өткізуіне;

- кепілді және (немесе) өзге де мүлікті Ломбардқа беру арқылы Шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту төлемін беруге;

- сатып алушыға микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені бере отырып, ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізуге.

Қарыз алушы - жеке тұлғаның көрсетілген өтінішінде микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың мерзімін өткізіп алу себептері, Қарыз алушының ағымдағы кірістері, микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен Қарыз алушының өтінішін негіздейтін (негіздейтін) басқа да мән-жайлар туралы мәліметтер болуға тиіс.

2.1.8. Қосылу шартының 2.3.15-тармағының 4-абзацында көзделген Ломбард шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде (мұндай бас тартудың себептерін дәлелді негіздей отырып, Қарыз алушы ұсынған микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізуден бас тарту) немесе Шарттың 4.8-тармағының

2-абзацында көзделген мерзімде Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде бір мезгілде Ломбардты хабардар ете отырып, микроқаржы омбудсманына жүтінуге;

2.1.9. Қарыз алушы Ломбард Қарыз алушыға берген басқа микрокредиттер бойынша қамтамасыз ету ретінде Ломбард келіскен кезде Кепіл мүлкін беруге құқылы.

2.1.10. Егер Ломбард берілген Кепіл билеті бойынша жақсартатын шарттарды біржақты тәртіппен қолданған жағдайда және Қарыз алушы олармен келіспеген жағдайда, ол Кепіл билетінде көзделген тәсілдермен бас тарту туралы хат жолдай отырып, тиісті хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде олардан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда Қарыз алушы Ломбардтың бөлімшесіне Ломбард қолданған жақсарту шарттарынан бас тарту туралы жазбаша өтінішті көзделген мерзімде ұсынады.

Ломбардтың микрокредит бойынша ай сайынғы төлемдерді ұлғайтпай микрокредит беру туралы шарт бойынша төлемдерді кейінге қалдыру және (немесе) бөліп-бөліп төлеуді ұсыну шарттарында осы шартты жасасу «Микроқаржы қызметі туралы» ҚР Заңының 4-бабы 4-тармағының 3-бөлігіне сәйкес Қарыз алушы үшін осы жақсартатын шартты беруге Қарыз алушының келісімі деп танылады.

2.1.11. Қарыз алушы – әскери қызметші (сенімхат бойынша қарыз алушы-әскери қызметшінің мүддесінде әрекет ететін үшінші тұлға) Ломбардтың Хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде жазбаша нысанда бас тарту туралы өтінішті жолдау арқылы не ақпараттандыру объектілері арқылы не Кепіл билетінде қарастырылған тәсілмен Мерзімді әскери қызметке шақырылуына байланысты Ломбард ұсынған кейінге қалдырудан бас тарту.

2.1.12. Алынған микроқаржы қызметі бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Қарыз алушы (Өтініш беруші) Ломбардқа (Ломбардтың орналасқан жері, пошталық, электрондық мекенжайлары мен интернет-ресурстары туралы ақпарат микрокредит беру туралы шартта көрсетілген), микроқаржы омбудсманына (пошталық мекенжайы Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Мыңбаев көшесі, 53 ғимарат, 3 қабат, 321 кеңсе, электрондық мекенжайы info@mfombudsman.kz, интернет-ресурс mfombudsman.kz), немесе сотқа, осы микрокредитті (кепіл билетін) беру туралы шарттың 5.2-тармағына сәйкес;

2.1.13. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

2.2. Ломбардтың құқықтары:

2.2.1. Қарыз алушыдан Микрокредиттер беру ережелерінде айқындалған Кепіл билетін жасасу және ол бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұрату;

2.2.2. Қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді қырық күнтізбелік күннен астам бұзған жағдайда микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету;

2.2.3. Қарыз алушының келісімінсіз микроқаржы қызметі туралы заңнамада көрсетілген тұлғаларға Кепіл билеті бойынша құқық (талап ету) беру;

2.2.4. Қарыз алушының өтініші бойынша тауарларға, жұмыстарға немесе қызметтерге ақы төлеу мақсатында екінші деңгейдегі банктер арқылы үшінші тұлғаға микрокредит аударуды жүзеге асыру;

2.2.5. Кепіл билетінің шарттарын Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгерту. Шарттың талаптарын жақсарту жағдайлары Қазақстан Республикасының микроқаржы қызметі туралы заңнамасында белгіленген.

2.2.6. атқарушылық жазба негізінде берешекті өндіріп алу. Қарыз алушы микрокредит сомасын қайтару және/немесе орындау мерзімі басталған Кепіл билетінде көзделген сыйақыны және/немесе тұрақсыздық айыбын төлеу жөніндегі міндеттемелерді

орындамаған жағдайда, Қарыз алушы кінәсін және міндеттемелерді орындамау фактісін растайды және мойындайды; Қарыз алушы орындау мерзімі басталған Кепіл билетінде көзделген міндеттемелерді Қарыз алушы орындамаған жағдайда, Кредитордың атқарушылық жазбасын жасау үшін нотариусқа жүгіну құқығы туралы хабардар етілген және мойындайды. Қарыз алушы Қосылу шартының осы тармағының ережелері Қарыз алушының Кепіл билеті бойынша Ломбард/өндіріп алушы алдындағы борышкер ретіндегі даусыз жауапкершілігін тану туралы келісімі болып табылатынын растайды және мойындайды, бұл сонымен қатар дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібімен шағымға жауапқа теңестіріледі);

2.2.7. тәуекелдерді бағалау және басқару мақсатында өз қызметін жүзеге асыру және (немесе) қызметтер көрсету кезінде жасанды интеллектті пайдалану. Ломбард жасанды интеллект жүйелерін қолдану арқылы қабылданған шешімдер үшін жауап береді;

2.2.8. «Микроқаржы қызметі туралы» ҚР Заңында көзделген мақсаттар үшін Қазақстан Республикасының резиденті емес жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін жинау;

2.2.9. Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Кепіл билетінде белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

2.3. Ломбардтың міндеттері:

2.3.1. Қарыз алушыға оның микрокредит алуға байланысты құқықтары мен міндеттері туралы, сондай-ақ Кепілзаттық билет бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда ықтимал салдарлар туралы хабарлау;

2.3.2. мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшілеріне Кепіл билеті бойынша мерзімді әскери қызметті өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейін 60 күнді қамтитын кезеңге негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемді уәкілетті орган айқындаған тәртіппен микрокредит бойынша сыйақы есептемей кейінге қалдыру мүмкіндігін беру.

Мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер туралы, сондай-ақ оларды жұмыстан шығару, микрокредиттің болуы не болмауы, ол бойынша төлемді кейінге қалдыру туралы мәліметтер алмасу Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен келісім бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік органдар мен кредиттік бюролардың ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайларда дербес деректерді жинау, өңдеу және пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2.3.3. Қарыз алушыдан міндеттемелерді орындауды қабылдау;

2.3.4. Қарыз алушыға міндеттемелердің орындалғанын растайтын құжатты беру және Қарыз алушы Ломбард алдындағы өз міндеттемелерін орындағаннан кейін Кепіл билетіне сәйкес Кепіл мүлкін дереу қайтару;

2.3.5. Кепіл билеті бойынша ұйым құқығының (талап ету) үшінші тұлғаға өту талаптары (бұдан әрі - талап ету құқығын басқаға беру шарты) қамтылған Кепіл билетін беру кезінде Қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар ету:

- талап ету құқығын басқаға беру шартын жасасқанға дейін көрсетілген Кепіл билеті бойынша Ломбардтың құқықтарын (талаптарын) үшінші тұлғаға беру жоспарланғаны туралы, сондай-ақ Кепіл билетінде көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы осындай басқаға беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы;

- микрокредит беру туралы шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өтуі туралы, басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде,

микрокредит беру туралы шарт бойынша одан әрі төлемдерді үшінші тұлғаға (өзіне микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген тұлғаның не микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) сенімгерлік басқаруға берілген жағдайда – сервистік компанияның атауын, орналасқан жерін және банктік деректемелерін) жүзеге асыру қажеттілігін, микрокредит беру туралы шарт бойынша берілген құқықтардың (талаптардың) көлемін, микрокредит беру туралы шарт бойынша берешектің мөлшері мен құрылымын (негізгі борышты, сыйақыны, комиссияларды, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және төленуге жататын басқа да сомаларды көрсете отырып.

2.3.6. қолданыстағы заңнамамен белгіленген мерзімде алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Қарыз алушыға жазбаша нысанда жауап беру;

2.3.7. Ломбард Кепіл билетінде көзделген тәртіппен шарттарды жақсартушы қолданған жағдайда Кепіл билетінің шарттарының өзгергені туралы Қарыз алушыны хабардар ету;

2.3.8. орналасқан жері өзгерген не атауы өзгерген жағдайда бұл туралы мұндай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органға, сондай-ақ қарыз алушыларға (өтініш берушілерге) Ломбардтың орналасқан жері бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі екі баспа басылымында, сондай-ақ қарыз алушы (өтініш беруші) – жеке тұлғаның заңды мекенжайы бойынша тиісті ақпаратты жариялау жолымен не әрбір қарыз алушыны (өтініш берушіні) жазбаша хабардар ету жолымен хабардар ету;

2.3.9. микрокредиттер беру ережелерінің көшірмесін Ломбард қарыз алушысының (өтініш берушінің) көруі және танысуы үшін қолжетімді жерде, оның ішінде Ломбардтың интернет-ресурсында орналастыру (бар болса);

2.3.10. қарыз алушыға микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және анық ақпарат беру;

2.3.11. филиалдарда (олардың үй-жайларында), филиалдар болмаған кезде - орталық кеңседе (көру және танысу үшін қолжетімді жерде) және өзінің интернет-ресурсында (бар болса) қолданыстағы ставкалар мен тарифтерді бекіту және оларға өзгерістер енгізу күндері туралы мәліметтерді көрсете отырып, микрокредиттер бойынша ставкалар мен тарифтер туралы, ішкі құжаттардың және оларды бекіткен (қабылдаған) органның нөмірлері туралы өзекті ақпаратты орналастыру;

2.3.12. клиент ұсынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

2.3.13. микрокредит беру құпиясын сақтау;

2.3.14. Қарыз алушыны осы тармақтың 4-абзацында көзделген тәсілдердің бірімен мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей жазбаша хабардар ету.

Көрсетілген хабарламада мыналар болуы тиіс:

- 1) хабарламада көрсетілген күнге микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімі өткен төлемдердің мөлшері;
- 2) микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімі өткен төлемдерді енгізу туралы талап;
- 3) қарыз алушы - жеке тұлғаның микрокредит беру туралы шарт бойынша оның міндеттемелерін орындамауының салдарын түсіндіру;
- 4) Қарыз алушы - жеке тұлғаның Шарттың 2.1.7-тармағында айқындалған тәртіппен микрокредит беру туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен Ломбардқа жүгіну құқығына нұсқау;
- 5) микроқаржы ұйымының қалауы бойынша өзге де мәліметтер.

Ломбард Қарыз алушыны хабардар ету үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

Микрокредит беру туралы шартта көрсетілген немесе Қарыз алушы Ломбардқа Шарттың 7.2-тармағында көзделген тәсілмен хабарлаған, оның ішінде Қарыз алушы Ломбардқа ауызша және (немесе) жазбаша түрде Ломбардтың телефон нөміріне SMS-хабарлама арқылы, Ломбардтың электрондық поштасына, Ломбардтың интернет-ресурсы

арқылы (бар болса) тиісті хабарлама жіберу арқылы хабарлаған Қарыз алушының тұрғылықты жері (орналасқан жері) бойынша жіберілетін қабылданған міндеттемелер бойынша мерзімі өткен берешектің болуы туралы хабарлама уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес жазбаша нысанда ресімделеді.

SMS-хабарлама, push-хабарлама немесе мобильді қолданба арқылы жіберілетін хабарламада Заңның 9-2-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшасында көзделген ақпарат, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген интернет-ресурста және (немесе) Ломбардтың мобильді қолданбасында (олар бар болса) орналастырылған ақпаратқа сілтеме көрсетіледі.

2.3.15. Қарыз алушының өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде Қарыз алушы ұсынған микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыру және шарттың 2.3.14-тармағының 4-абзацында көзделген тәсілмен Қарыз алушыға келесі шешімдердің бірі туралы жазбаша хабарлау:

- Қарыз алушы ұсынған микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізуге келісім;

- Ломбардтың Қарыз алушыға микрокредит беру туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы қарсы ұсынысы;

- микрокредит беру туралы шарттың талаптарына осындай бас тартудың себептерін дәлелді негіздей отырып, Қарыз алушы ұсынған өзгерістерді енгізуден бас тарту.

Егер көрсетілген өзгерістерді енгізу туралы ұсыныспен өтініш Кредиторға мынадай Қарыз алушылардың кез келгенімен жіберілсе, Ломбард Шарттың 2.3.16-тармақшасында көзделген жағдайларда 4.3.2. және (немесе) 4.3.3-тармақшаларында көзделген микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізуге міндетті:

1) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын;

2) төтенше жағдай енгізу үшін негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен.

2.3.16. Ломбардтың Шарттың 2.3.15-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген микрокредит беру туралы шартқа өзгерістер енгізуі мынадай талаптардың кез келгені болған кезде жүзеге асырылады:

1) Қарыз алушы өтініш берген айдың алдындағы екі ай үшін есептелген Қарыз алушының орташа айлық табысы көрсетілген Қарыз алушының Қарыз алушы өтініш берген айдың алдындағы он екі ай үшін есептелген орташа айлық табысымен салыстырғанда отыз пайыздан астамға төмендеген жағдайда;

2) Қарыз алушы микроқаржы ұйымына жүгінген сәтте мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алған жағдайда.;

2.3.17. қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәліметтерді хабарлау;

2.3.18. Қарыз алушыны борышкерлермен байланысу үшін коллекторлық агенттіктің атауын, орналасқан жерін, коллекторлық агенттіктің телефон нөмірлерін көрсете отырып, берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және Кепіл билетінде көзделген тәсілмен берешекті реттеуге берілген күні, оның ішінде SMS-хабарлама, push-хабарландыру немесе мобильді қолданба (бар болса) арқылы Қарыз алушыға хабарландыру жіберу арқылы, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы хабардар ету;

2.3.19. Шартқа Тараптар қол қойған Микрокредитті өтеу кестесі қоса берілсін. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын микрокредит талаптары өзгерген кезде Ломбард жаңа шарттарды ескере отырып, Қарыз алушыға микрокредитті өтеудің жаңа кестесін жасайды және береді.

2.3.20. Шартқа қызмет көрсету кезеңінде Ломбард Қарыз алушының немесе кепіл берушінің сұрау салуы бойынша (Заңда көзделген микрокредит беру құпиясын жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып) сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс

күні ішінде оған жазбаша нысанда және/немесе Қарыз алушының сұрау салуында көзделген тәсілмен және/немесе Қарыз алушының сұрау салуы жіберілген тәсілмен және/немесе микрокредит беру туралы шартта (кепіл билетінде) көзделген өзге де тәсілмен мыналар туралы мәліметтерді ұсынады:

- 1) микроқаржы ұйымына төленген ақша сомасы туралы;
- 2) мерзімі өткен берешектің (бар болса) мөлшері туралы;
- 3) борыш қалдығы туралы;
- 4) кезекті төлемдердің мөлшері мен мерзімдері туралы.

2.3.21. Қарыз алушының өтініші бойынша микрокредит бойынша берешек толық өтелгеннен кейін Ломбард өтінішті алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жазбаша нысанда және/немесе Қарыз алушының өтінішінде көзделген тәсілмен және/немесе Қарыз алушының өтініші жіберілген тәсілмен және/немесе микрокредитті (кепіл билетін) беру туралы шартта көзделген өзге де тәсілмен өтеусіз берешектің жоқтығы туралы анықтаманы ұсынады;

2.3.22. Қарыз алушының өтініші бойынша Ломбард 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде айына 1 (бір) реттен жиі емес, жазбаша нысанда және/немесе Қарыз алушының өтінішінде көзделген тәсілмен және/немесе Қарыз алушының өтініші жіберілген тәсілмен және/немесе микрокредитті (кепіл билетін) беру туралы шартта көзделген өзге де тәсілмен микрокредитті (кепіл билетін) беру туралы шарт бойынша берешекті өтеу есебіне Қарыз алушының келіп түскен ақшасын бөлу туралы ақпаратты өтеусіз ұсынады.

2.3.23. микрокредит (кепіл билеті) беру туралы шарттарда, сондай-ақ микрокредиттер бойынша сыйақы шамалары туралы ақпаратты тарату кезінде, оның ішінде оны жариялау кезінде жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін көрсету;

2.3.24. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне пруденциалдық нормативтердің және сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің орындалуы туралы есептілікті ұсыну;

2.3.25. Ломбард микрокредиттер беру шеңберінде Өтініш берушімен өзара іс қимыл жасау кезінде мынадай талаптарды сақтауға міндетті:

- Өтініш берушіге жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін қоса алғанда, микрокредит шарттары және микрокредит алуға байланысты тәуекелдер, оның ішінде Өтініш берушінің микрокредит беру туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы анық және толық ақпарат беру;
- «Қазақстан Республикасында кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кредиттік бюроға ақпарат беру;
- микрокредитті ішінара мерзімінен бұрын өтеу немесе толық мерзімінен бұрын өтеу жағдайында Қарыз алушының микрокредитті пайдаланған күндерінің нақты саны үшін ғана сыйақы есептеу;
- теңгемен берілген микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелер мен төлемдерді кез келген валюталық немесе өзге баламаға байланыстыра отырып индексстеуге жол бермеу;
- жеке тұлғамен микрокредит беру және (немесе) жеке тұлғаның микрокредитін өтеу мақсатында жаңа микрокредит беру туралы шарттың талаптары өзгерген кезде негізгі борыш сомасына капиталдандырылған (жиынтықталған) сыйақыға мерзімі өткен сыйақыға, тұрақсыздық айыбына (айышпұлдарға, өсімпұлдарға), комиссияларға және микрокредит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдерге сыйақы есептеуге жол бермеу;

2.3.26. шарттарында сақтандыру шартын жасасу көзделген микрокредит бойынша міндеттемені Қарыз алушы толық мерзімінен бұрын орындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен қарыз алушыны осындай сақтандыру шартын бұзу және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 842-бабының 2-тармағының төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен сақтандырудың

пайдаланылмаған кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтару құқығы туралы хабардар ету;

2.3.27. «Микроқаржы қызметі туралы» ҚР Заңының 3-бабының 1-тармағында көрсетілген микроқаржы қызметінің бір түріне қатысты өз қызметін жүзеге асыратын микроқаржы қызметі саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымға кіру;

2.3.28. микроқаржы қызметі саласында өзін-өзі реттейтін ұйым белгілеген жарналарды төлеу;

2.3.29. микроқаржы қызметі саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның сұрау салуы бойынша микроқаржы қызметі саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым айқындайтын тәртіппен тексеру жүргізу үшін қажетті барлық ақпаратты ұсыну;

2.3.30. микроқаржы қызметі саласындағы өзін өзі реттейтін ұйымның ережелері мен стандарттарының талаптарын сақтау;

2.3.31. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды сақтау.

2.4. Қарыз алушының міндеттері:

2.4.1. алынған микрокредитті қайтару және ол бойынша Кепілді билетте белгіленген мерзімде және тәртіппен сыйақы төлеу;

2.4.2. осы Шартқа, Микрокредиттер беру қағидаларына және қолданыстағы заңнамаға сәйкес Ломбард сұратқан құжаттар мен мәліметтерді ұсыну;

2.4.3. Ломбардқа микрокредит сомасын қайтару жөніндегі шығындарды өтеу;

2.4.4. Ломбардқа өзінің анкеталық деректерінің өзгергені туралы, сондай-ақ оның міндеттемелерді орындауына әсер ететін кез келген мән-жайлар туралы дереу жазбаша хабарлау;

2.4.5. мемлекеттік, оның ішінде құқық қорғау және өзге де органдардың кепілге салынған мүлікті алып қоюы және/немесе алып тастауы нәтижесінде туындаған залалды Ломбардқа даусыз тәртіппен өтеу;

2.4.6. жеке куәлікті (төлқұжатты), тұрғылықты жерін, ұялы телефон нөмірін, электрондық пошта мекенжайын ауыстырған, сондай-ақ сауалнамада көрсетілген өзге де мәліметтерді, байланыс деректерін/деректемелерін өзгерткен кезде, осындай өзгеріс болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Ломбардқа хабарлама жолдау;

2.4.7. өзге де талаптарды орындау, сондай-ақ кепіл билетінде, микроқаржы қызметі туралы заңнамада және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген жауаптылықта болу.

3. ЛОМБАРД ҮШІН ШЕКТЕУЛЕР МЫНАЛАРҒА ТЫЙЫМ САЛУДЫ КӨЗДЕЙДІ

3.1. Сыйақы мөлшерлемесін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгерту;

3.2. кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредит бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, Қарыз алушыдан (Өтініш берушіден) кез келген төлемдерді белгілеу және өндіріп алу;

3.3. Кепіл билетінің қолданылу мерзімін оның келісімінсіз және Кепіл билетінің талаптарын сақтауды не жақсартуды қамтамасыз етпейтін шарттарда ұлғайту;

3.4. Ломбардқа микрокредит сомасын, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) және микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін басқа да төлемдерді мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған Қарыз алушыдан талап ету;

3.5. Кепіл билеті бойынша микрокредит сомасын ұлғайту;

3.6. Егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен болса тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алу және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі;

3.7. Кез келген валюталық баламаға байланыстыра отырып, теңгемен берілген Кепіл билеті бойынша микрокредит бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеуге құқығы жоқ;

3.8. Кепіл мүлкін пайдалану және оған билік ету;

3.9. Нотариусқа борышкердің Шартта көрсетілген мекенжайына сәйкес нотариус қызметінің аумағы бойынша емес микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті өндіріп алу үшін атқарушылық жазба жасау туралы өтініш беру;

3.10. Микрокредит беру туралы шарт бойынша бір қарыз алушыға қатысты құқықты (талап етуді) бірнеше тұлғаға беруге жол берілмейді.

3.11. Қарыз алушының Кепілзаттық билеттің талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін қарау кезеңінде Ломбард микрокредитті мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқылы емес.

3.12. Қарыз алушы – жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредиті бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алудың қатарынан күнтізбелік тоқсан күні өткен соң есепке жатқызылған сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуге құқылы емес, негізгі борыш сомасы тіркеуге жататын мүліктің кепілімен және (немесе) оны жасасу күніне ақша кепілімен толық қамтамасыз етілетін шартты қоспағанда; ЗАКОН, НО другая статья, не ограничения.

3.13. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына және (немесе) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағына сәйкес Қарыз алушыдан микрокредит беру туралы шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу үшін жеке сот орындаушыларымен ынтымақтастықты көздейтін шарттар жасасуға, сондай-ақ Ломбардтың үлестес тұлғасы болып табылатын жеке сот орындаушысымен атқарушылық құжатты орындау шарттары туралы келісім (шарт) жасасуға тыйым салынады; ЗАКОН

3.14. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына және (немесе) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағына сәйкес Нотариаттық іс-әрекеттер жасау үшін Ломбардтың үлестес тұлғасы болып табылатын нотариусқа жүгінуге жол берілмейді;

3.15. Жеке тұлғамен жасалған Кепілзаттық билеттің қолданылу мерзімін оның келісімінсіз және микрокредит беру туралы шарттың талаптарын сақтауды не жақсартуды қамтамасыз етпейтін шарттарда ұлғайтуға тыйым салынады;

3.16. Мұндай қызметтерді коллекторлық агенттік және (немесе) сервистік компания Ломбардқа көрсететін жағдайларды қоспағанда, Ломбардқа берешекті сотқа дейінгі өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ берешекке байланысты ақпаратты жинау жөніндегі қызметтерді үшінші тұлғалардан алуға тыйым салынады. Закон п. 6

3.17. Берешек сотқа дейінгі өндіріп алуда және коллекторлық агенттікте реттеуде болған кезеңде Ломбардтың мыналарға құқығы жоқ:

3.17.1. берешекті өндіріп алу туралы сотқа талап арызбен жүгінуге;

3.17.2. берешек коллекторлық агенттікте жұмыста болған кезең үшін сыйақы төлеуді талап етуге, сондай-ақ негізгі борышты және сыйақыны уақтылы өтемегені үшін көрсетілген кезеңге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есепке жазуға құқылы емес.

3.18. Қарыз алушы - жеке тұлғаға жұбайының (зайыбының) келісімінсіз мүлікті кепілмен қамтамасыз етілмеген, тіркеуге жататын, оны алу тәртібі мен тұтынушылық микрокредиттің ең төменгі мөлшері, ол бойынша келісім қажет болатын тұтынушылық микрокредиттерді беру уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады;

3.19. мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшілеріне Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда мерзімді әскери қызмет өткеру кезеңінде осындай әскери қызметшіні микрокредит беру туралы шешім қабылданғанға дейін Ломбард алған кредиттік есебінде мерзімді әскери қызметке шақыру туралы ақпарат болған кезде микрокредиттер беру.

Мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер туралы мәліметтермен алмасу, сондай-ақ оларды жұмыстан шығару Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің келісімі бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік органдар мен кредиттік бюролардың ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайларда дербес деректерді жинау, өңдеу және пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ломбард мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшісіне микрокредит берген жағдайда, микрокредит беру туралы шешім қабылданғанға дейін Ломбард алған кредиттік есебінде мұндай әскери қызметшіні мерзімді әскери қызметке шақыру туралы ақпарат болған жағдайда, Ломбард осындай микрокредит бойынша міндеттемелердің орындалуын талап етуге құқылы емес және мұндай микрокредит беру фактісі анықталған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осындай микрокредит беру туралы Заңның 4-бабы 14-тармағының оныншы бөлігінде көзделген шараларды қабылдайды.

3.20. кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) қоспағанда, Қарыз алушыдан (өтініш берушіден) кез келген төлемдерді белгілеу және өндіріп алу.

3.21. қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағдайларын қоспағанда, микрокредит беру туралы шарттың талаптары біржақты тәртіппен өзгерту.

Осы тармақтың мақсаттары үшін қарыз алушы үшін микрокредит беру туралы шарттың талаптарын жақсарту деп мыналар түсініледі:

1) тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) азайту жағына қарай өзгерту немесе толық жою;

2) микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына өзгерту;

3) мерзімді әскери қызметті өткеру мерзімін қамтитын кезеңге және ол аяқталғаннан кейін күнтізбелік алпыс күнге кейінге қалдыру және (немесе) микрокредит бойынша төлемдерді бөліп төлеу.

Микрокредит беру туралы шартта қарыз алушы үшін жақсартатын шарттардың қосымша тізбесі көзделуі мүмкін.

Микроқаржы ұйымдары жақсартатын талаптарды қолданған жағдайда қарыз алушыға микрокредит беру туралы шартта көзделген тәртіппен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы микрокредит беру туралы шарт талаптарының өзгергені туралы хабарланады.

3.22. мөлшері «Микроқаржы қызметі туралы» ҚР Заңының 3-1-бабы 3-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген сомадан артық тұтынушылық микрокредит беру;

3.23. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелмеген (тіркелмеген) тауар таңбасын (тауар таңбаларын) пайдалану.

4. БЕРЕШЕКТІ РЕТТЕУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ТӨЛЕМГЕ ҚАБІЛЕТСІЗ ҚАРЫЗ АЛУШЫҒА ҚАТЫСТЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШАРАЛАР.

4.1. Ломбард Қарыз алушы - жеке тұлғаны Кепіл билетінде көрсетілген тәсілдердің бірімен мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей

микрокредит беру туралы шарт бойынша ақшалай міндеттемелерді орындаудың мерзімі өтіп кеткені туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

Көрсетілген хабарламада мыналар болуы тиіс:

4.1.1. хабарламада көрсетілген күнге микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімі өткен төлемдердің мөлшері;

4.1.2. микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімі өткен төлемдерді енгізу туралы талап;

4.1.3. Қарыз алушы - жеке тұлғаның микрокредит беру туралы шарт бойынша оның міндеттемелерін орындамауының салдарын түсіндіру;

4.1.2. Қарыз алушы - жеке тұлғаның Қосылу шартының 4.3-тармағында айқындалған тәртіппен микрокредит беру туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен Ломбардқа жүгіну құқығына нұсқау;

4.1.3. қарыз алушының Кепіл билеті бойынша өз міндеттемелерін орындамау салдары туралы.

4.1.4. Ломбардтың қалауы бойынша өзге де мәліметтер

4.2. Ломбард Қарыз алушыны хабардар ету үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

Микрокредит беру туралы шартта көрсетілген немесе Қарыз алушы Ломбардқа Шарттың 7.2-тармағында көзделген тәсілмен хабарлаған, оның ішінде Қарыз алушы Ломбардқа ауызша және (немесе) жазбаша түрде Ломбардтың телефон нөміріне SMS-хабарлама арқылы, Ломбардтың электрондық поштасына, Ломбардтың интернет-ресурсы арқылы (бар болса) тиісті хабарлама жіберу арқылы хабарлаған Қарыз алушының тұрғылықты жері (орналасқан жері) бойынша жіберілетін қабылданған міндеттемелер бойынша мерзімі өткен берешектің болуы туралы хабарлама уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес жазбаша нысанда ресімделеді.

SMS-хабарлама, push-хабарлама немесе мобильді қолданба арқылы жіберілетін хабарламада Заңның 9-2-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген ақпарат, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген интернет-ресурста және (немесе) Ломбардтың мобильді қолданбасында (олар бар болса) орналастырылған ақпаратқа сілтеме көрсетіледі.

4.3. Ломбард Қарыз алушы - жеке тұлғаға Қосылу шартының 4.1-тармағында көзделген хабарлама жіберген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қарыз алушы Ломбардқа жазбаша нысанда Ломбардтың minicredithelp@gmail.com электрондық поштасына жүгінуге, Ломбардқа Шартта көрсетілген заңды мекенжай бойынша келуге, не микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен мыналарға қатысты ұсыныспен жүгінуге құқылы :

4.3.1. микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына өзгертуге;

4.3.2. микрокредит беру туралы шарт бойынша ай сайынғы төлемді кемінде үш ай мерзімге микрокредит беру туралы шартта белгіленген мөлшерден кемінде елу пайызға азайтуға;

4.3.3. негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруға;

4.3.4. берешекті өтеу әдісін және (немесе) берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге;

4.3.6. микрокредит мерзімін өзгертуге;

4.3.7. мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіруге, микрокредитке қызмет көрсетуге байланысты тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдардың) күшін жоюға;

4.3.8. Кепіл берушінің ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті тараптардың келісінде белгіленген мерзімдерде дербес өткізуіне;

4.3.9. кепілді және (немесе) өзге де мүлікті Кредиторға беру арқылы Шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту төлемін беруге;

4.3.10. сатып алушыға микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені бере отырып, ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізуге.

4.4. Қарыз алушы Шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы жазбаша өтінішпен Ломбардқа жүгінген жағдайда, Ломбард «Қарыз алушы – жеке тұлғаның микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін қарау қағидаларын, оған қоса берілетін құжаттардың тізбесін, сондай-ақ микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның өтінішті қарау нәтижелері туралы уәкілетті органды хабардар ету тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы реттеу және даму агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 16 шілдедегі № 82 қаулысында белгіленген тәртіппен микрокредит беру туралы шартты өзгертудің ұсынылған талаптарын қарайды.

4.5. Ломбард Қарыз алушының өтінішін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен Кепіл билетінің талаптарына өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыру және осы Шартта көзделген тәсілмен жазбаша нысанда Қарыз алушыға мынадай шешімдердің бірі туралы хабарлайды:

4.5.1. Кепіл билетінің шарттарына Қарыз алушы ұсынған өзгерістерді енгізуге келісуі;

4.5.2. Ломбардтың Қарыз алушыға Кепіл билетіне өзгерістер енгізу туралы қарсы ұсынысы;

4.5.3. микрокредит беру туралы шарттың талаптарына осындай бас тартудың себептерін дәлелді негіздей отырып, Қарыз алушы ұсынған өзгерістерді енгізуден бас тарту.

4.6. Егер көрсетілген өзгерістерді енгізу туралы ұсыныспен өтініш Кредиторға мынадай Қарыз алушылардың кез келгенімен жіберілсе, Ломбард Шарттың 4.7.-тармағында көзделген жағдайларда 4.3.2. және (немесе) 4.3.3-тармақшаларында көзделген Кепіл билетінің талаптарына өзгерістер енгізуге міндетті:

1) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын;

2) төтенше жағдай енгізу үшін негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен.

4.7. Ломбардтың «Микроқаржы қызметі туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 3-1-тармағында көрсетілген Кепіл билетіне өзгерістер енгізуі мынадай шарттардың кез келгені болған кезде жүзеге асырылады:

1) Қарыз алушы өтініш берген айдың алдындағы екі ай үшін есептелген Қарыз алушының орташа айлық табысы көрсетілген Қарыз алушының Қарыз алушы өтініш берген айдың алдындағы он екі ай үшін есептелген орташа айлық табысымен салыстырғанда отыз пайыздан астамға төмендеген жағдайда;

2) Қарыз алушы микроқаржы ұйымына жүгінген сәтте мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алған жағдайда.

4.8. «Микроқаржы қызметі туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 2-тармағында көзделген Қарыз алушының өтінішін қарау кезеңінде Ломбард микрокредитті мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқылы емес.

Қарыз алушы «Микроқаржы қызметі туралы» ҚР Заңының 9-2-бабы 3-тармағының

2) тармақшасында көзделген Ломбард шешімін алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Ломбард пен Қарыз алушы арасында өзара қолайлы шешімге қол жеткізбеу микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту болып саналады. Көрсетілген мерзім екі тараптың келісімі болған кезде ұзартылуы мүмкін.

4.9. Осы Қосылу шартының 4.1.1-тармақшасында көзделген талап қанағаттандырылмаған жағдайларда, сондай-ақ Қарыз алушы Кепіл билеті бойынша осы Қосылу шартының 4.3-тармағында көзделген құқықтарды іске асырмаған не Қарыз

алушы мен Ломбард арасында Кепіл билетінің шарттарын өзгерту бойынша келісім болмаған жағдайда, Ломбард:

4.9.1. Қарыз алушыға қатысты шаралар қолдану туралы мәселені қарастыруға құқылы. Шараларды қолдану туралы шешім қабылдау Ломбардтың микрокредиттер беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады;

4.9.2. берешекті сотқа дейінгі өндіріп алу мен реттеуге коллекторлық агенттікке беру. Берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беруге Кепіл билетінде Ломбардтың коллекторлық агенттікті тартуға құқығы болған кезде, Қарыз алушы Кепіл билеті бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алуға жол берген кезде жол беріледі;

Ломбард берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және берешекті реттеуге берген күні бұл туралы Қарыз алушыны микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ борышкерлермен байланысу үшін коллекторлық агенттіктің атауын, орналасқан жерін, коллекторлық агенттіктің телефон нөмірлерін көрсете отырып, ақпараттандыру объектілері арқылы хабардар етеді;

4.9.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Кепіл билетінде көзделген шараларды қолдану, оның ішінде Кепіл билеті бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы сотқа талап-арызбен жүгіну, сондай-ақ кепілге салынған мүліктен соттан тыс тәртіппен не сот тәртібімен өндіріп алу;

4.9.4. Қарыз алушыда ақшалай міндеттемені орындау мерзімі қатарынан күнтізбелік тоқсан күннен асқан кезде Кепілзаттық билет бойынша құқықты (талаптарды) Қосылу шартында және қолданыстағы заңнамада белгіленген талаптарды сақтай отырып, басқаға беру (бұл талап Қарыз алушыға қатысты "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот банкроттығы рәсімі қолданылған жағдайда қолданыла алмайды).

4.10. Кепіл затын сатуға, сондай-ақ мұндай мүліктің Ломбардтың меншігіне өтуіне «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Қосылу шартында белгіленген тәртіппен Қарыз алушының берешекті реттеу жөніндегі өтінішін Ломбард қараған кезеңде жол берілмейді.

5. МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

5.1. Осы Шарттың талаптарын бұзғаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

5.2. Шарт бойынша туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

Ломбард Ломбардтың мемлекеттік тіркелген жері бойынша сотқа Шарт бойынша туындайтын дау бойынша талап қоюға құқылы және Қарыз алушы өз келісімін береді. Қосылу шарты бойынша дауды қарау үшін сотты таңдауды Ломбард жүзеге асырады.

Шартты тиісінше орындамау бойынша Қарыз алушыға Ломбардтың талап етуі бойынша талап қою мерзімі бес жылды құрайды.

5.3. Тараптардың ешқайсысы шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл орындамау немесе тиісінше орындамау су тасқынының, өрттің, жер сілкінісінің және басқа да дүлей зілзалалардың, сондай-ақ соғыстың, қоршаудың, мемлекеттік биліктің актілері мен әрекеттерінің және тараптардың еркіне және Тараптардың еркіне тәуелді емес Шартқа қол қойылғаннан кейін туындаған еңсерілмейтін күштің басқа да мән-жайларының нәтижесі болып табылса, жауапты болмайды.

5.4. Ломбард атқарушы жазба негізінде қарызды өндіріп алуға құқылы.

6. КЕПІЛ БИЛЕТІ МЕН ҚОСЫЛУ ШАРТЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

6.1. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын микрокредит талаптары өзгерген кезде Ломбард жаңа шарттарды ескере отырып, қосымша келісім жасайды және Қарыз алушыға береді.

6.2. Микрокредитті мерзімінен бұрын ішінара өтеген кезде сыйақының кейінгі сомасы негізгі борыштың қалдығына қайта есептеледі және Қарыз алушыға Қосымша келісім беріледі.

6.3. Кепіл билетін Ломбард ұзартуы мүмкін (Ломбардтың қалауы бойынша, ол мерзімін ұзартудан бас тартуы да мүмкін). Бұл ретте микрокредит берудің жалпы мерзімі микрокредит алған күннен бастап 12 (он екі) айдан аспауға тиіс.

6.4. Ломбард Қосылу шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы, олар Ломбардтың <http://minicredit-lombard.kz> сайтында жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, егер оларда өзгеше көзделмесе және олар енгізілгеннен кейін жасалған Кепіл билеттеріне қолданылса.

6.5. Қосылу шартына өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа енгізілгенге дейін мұндай өзгерістер мен толықтырулар Ломбард пен Қарыз алушы арасында Кепіл билеттеріне қосымша келісімдер жасалған жағдайда қолданылады.

6.6. Тараптар Кепіл билетіне қосымша келісім жасасу арқылы Қосылу шартының талаптарына өзгерістер енгізе алады. Мұндай өзгерістер Тараптардың осы Кепіл билеттегі қатынастарына қолданылатын болады.

7.ӨЗГЕ ШАРТТАР

7.1. Кепіл билетіне қол қоя отырып, Қарыз алушы Ломбардқа Қарыз алушының дербес деректерін жинауға және өңдеуге және пайдалануға (қағаз тасығыштарда және/немесе Ломбардтың массивтерінде және/немесе деректер базасында электрондық форматта жинауды, өңдеуді және сақтауды қоса алғанда), сондай-ақ Ломбардпен ақпаратты беру туралы шарт жасасқан кредиттік бюроға Қарыз алушы туралы ақпарат беруге, кредиттік есепті алушыға және ішкі істер органдарына кредиттік есепті беруге және кредиттік бюродан кредиттік есепті, оның ішінде болашақта келіп түсетін деректерді Ломбардқа және ішкі істер органдарына беруге сөзсіз жазбаша келісім береді.

7.2. Тараптар Ломбардтан Қарыз алушыға кез келген хабарламалар, оның ішінде кепілзаттық мүліктің сауда-саттығы туралы хабарламалар тиісті тәсілмен ресімделгенін және мұндай хабарламалар Ломбардты таңдау жөніндегі мынадай тәсілдердің бірі арқылы жіберілген кезде Қарыз алушыға жеткізілгеніне осымен келіседі және растайды:

7.2.1. Кепіл билетінде көрсетілген Қарыз алушының мобильді нөміріне мәтіндік хабарлама түрінде, оның ішінде SMS-хабарламалар, push-хабарландырулар (мәтіндік хабарламалар /фотосуреттер /суреттер алмасу қолданбасының мессенджерлерін қоса алғанда) және/немесе;

7.2.2. Кепіл билетінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына және/немесе;

7.2.3. Кепіл билетінде көрсетілген тұрғылықты жері бойынша, оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, оның ішінде егер оны көрсетілген мекенжай бойынша тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алған болса және/немесе;

7.2.4. хабарламаны тікелей Қарыз алушыға тапсыру жолымен және/немесе;

7.2.5. хабарламаны/хабарландыруды жергілікті баспасөзде, Ломбардтың интернет-ресурсында (бар болса) ресми жариялау жолымен және/немесе.

7.2.6. Қарыз алушының жеке кабинетінде, егер оны Қарыз алушы Ломбардтың интернет-ресурсы арқылы (бар болса) тіркеген жағдайда.

Хабарламаны адресатқа, алушыға тапсырудың мүмкін еместігі туралы не оны қабылдаудан бас тартуына, сондай-ақ осы тармақшада көрсетілген өзге байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғанын растамауына байланысты белгі соғылып қайтарған жағдайда хабарлама тиісті түрде жіберілген болып есептеледі. Хабарлама/хабарландыру жергілікті баспасөзде, Ломбардтың интернет-ресурсында (бар болса) ресми жарияланған

жағдайда хабарлама/хабарландыру жарияланған сәтінен бастап жеткізілген болып есептеледі.

7.3. Кепілдік мүлікті сақтандыру талап етілмейді.

7.4. Қарыз алушы өз міндеттемесін тиісінше орындамаған жағдайда Ломбард кепілдік берілген кезеңнен кейін Кепіл мүлкін соттан тыс сатуды немесе мүлікті Ломбардтың меншігіне көшіруді жүргізетіндігімен келіседі.

Егер кепіл мүлкін сату кепіл билетінде көрсетілген бағалау құнынан төмен баға бойынша жүргізілген жағдайда, онда негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (залалдарды) жабу үшін ақша сомасы жеткіліксіз болған кезде Ломбард қарыз алушының басқа мүлкі есебінен өтеу құқығын өзіне қалдырады.

7.5. Қарыз алушының Ломбардтағы Кепіл билеті бойынша міндеттемелері кепіл затының сатылуына немесе мұндай мүліктің кепіл ұстаушының (Ломбардтың) меншігіне өтуіне байланысты тоқтатылады.

Кепілге салынған мүлік сатылған, сондай-ақ мұндай мүлік кепіл ұстаушының (Ломбардтың) меншігіне өткен кезде Кепіл билетінің қолданылуы мен бір мезгілде кепіл беруші болып табылатын Қарыз алушының міндеттемесі бір мезгілде тоқтатылады.

Міндеттеме тоқтатылғаннан кейін қарыз алушы (клиент) Ломбардқа талап қоймайды.

7.6. Осымен Қарыз алушы email (электрондық пошта), ұялы байланыс операторларының және/немесе өзге де телекоммуникациялық қызметтерді жеткізушілердің мобильді қолданбалары арқылы хабарламалар (хабарландырулар), SMS-хабарламалар, push-хабарландырулар жіберуге, мобильді (ұялы) және Ломбардқа белгілі басқа телефондарға қоңырауларды жүзеге асыруға келісімін береді және осы мәселе бойынша шағымдар мен дау-дамай тудырмауға міндеттенеді.

7.7. Шартқа қол қоя отырып, Қарыз алушы Ломбардқа микрокредитті Қарыз алушыға, оның өкіліне, үшінші тұлғаға, оның ішінде Ломбардың мүддесін білдіретін үшінші тұлғаларға, микроқаржы омбудсменіне, коллекторлық агенттіктерге, нотариустарға, жеке сот орындаушыларына беру құпиясын ашуға, сондай-ақ өзге де мемлекеттік тұлғаларға микрокредитті беру, оған қызмет көрсету және өтеу немесе негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешектің пайда болуы туралы Қарыз алушыны хабардар ету мақсатында; сондай-ақ Қарыз алушыға микрокредит бойынша мерзімі өткен берешекті өтеу/микрокредитті мерзімінен бұрын қайтару қажеттілігі туралы талапты жіберу мақсатында жазбаша келісім береді.

7.8. Ломбард пен Қарыз алушы Шартта Ломбард пен Қарыз алушы өз мүдделерін негізге ала отырып, өзгерткісі немесе жойғысы келетін қандай да бір шарттар жоқ екенін растайды, сондай-ақ Шарт жасасқан кезде олардың әрқайсысы өз еркімен және өз мүддесінде әрекет ететінін растайды.

7.9. Қарыз алушы Кепіл билетінде өзінің қолымен Ломбардтың микрокредиттер беру Ережелерімен танысқанын, микрокредит алғанға дейін оның шығындары туралы, микрокредит алуға және оған қызмет көрсетуге байланысты өзге де шарттар туралы, сондай-ақ микрокредит алуға байланысты өзінің құқықтары мен міндеттері туралы хабардар етілгенін растайды.

7.10. Қарыз алушы мыналар туралы мәлімдейді және кепілдік береді:

7.10.1. кепіл мүлкі оған меншік құқығымен тиесілі

7.10.2. оның өз атынан осы Шартты жасасуға құқығы бар;

7.10.3. осы Шарт осы Шарттың және Кепіл билетінің талаптарына сәйкес орындалуға жататын Қарыз алушының жарамды және заңды күші бар міндеттемесін білдіреді;

7.10.4. осы Шартқа қол қою сәтінде оның төленбеген салықтар және кейіннен Қарыз алушының төлем қабілеттілігіне әсер етуі мүмкін басқа да міндеттемелер бойынша міндеттемелері жоқ.

7.10.5. микрокредит алу мақсатында Қарыз алушы берген микрокредит беру туралы өтінішке өз қолымен қол қойған және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

7.11. Кепіл билеті қазақ және орыс тілдерінде, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан 2 (екі) данада жасалады. Мәтіндер әртүрлі оқылған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алу туралы келісімге келді.

7.12. Ломбард пен Қарыз алушының Кепіл билетімен және Қосылу шартымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

7.13. Ломбардтың тізбесі мен мекенжайлары Ломбардтың сайтында жарияланған филиалдары мен қосымша үй-жайлары (бөлімшелері) болады. Филиалды құру және оның қызметін тоқтату, қосымша үй-жайларды (бөлімшелерді) ұлғайту және азайту тәртібі, сондай-ақ осындай өзгерістер туралы уәкілетті органды хабардар ету тәртібі мен мерзімдері «Микроқаржы қызметі туралы» заңда көзделген.

7.14. Ломбардтың филиалдары мен қосымша үй-жайлары микрокредиттер беру кезінде микрокредиттер беру Ережелері және Ломбардтың басқа да ішкі актілері негізінде жұмыс істейді.

7.15. Қарыз алушы микрокредит бойынша алынған қаражат терроризмді және жаппай қырып-жою қаруын қаржыландыруға және ақшаны жария етуге пайдаланылмайтынына кепілдік береді.